

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RKIG3165>***С. С. Жакупова¹, С. М. Дүйсенәззы², Э. Капаган³**^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

³Болу Абант Иззет Байсал университеті,

Түркия Республикасы, Болу қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4978-8359>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5479-5505>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4647-1863>*e-mail: alibisamal@mail.ru

ШАЙМАРДАН ТОРАЙҒЫРОВ – ТҰҢҒЫШ СҰЛТАНМАХМҰТТАНУШЫ

Аталған ғылыми мақалада Шаймардан Торайғыровтың «Сұлтанмахмұт» очеркі қарастырылған. Мақалада әдебиеттанушы ғалымдардың сұлтанмахмұттануға қатысты еңбектері талданып, сараланды. Авторлар қазақ әдебиетінің тарихына шолу жасап, олардың ғылыми негізделуіне баса мән береді. XX ғасырдың 1930 жылдарынан бастап Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы зерттеулердің маңызды мәселелерін қамтиды. Ғылыми мақалада Жүсіпбек Аймауытовтың қазақтың ақыны Мәшіһүр Жүсіп Көпеевке 1927 жылдың 15 қарашасында жазған хаты, Құлбек Ерғобектің «Сұлтанмахмұт үшін сор кешкен» мақаласы, Ғалым Бейсембай Кенжебаевтың 1949 жылы жарық көрген Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармашылығы туралы «Сұлтанмахмұттың ақындығы», 1957 жылы жазылған «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы», 1968 жылы жазылған «Сұлтанмахмұт Торайғырұлын зерттеу, тану мәселесі» зерттеу еңбектері және Шаймардан Торайғыровтың қолжазбасынан алынған деректер негізге алынды. Сонымен қатар Павлодар облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайының қор бөлімінен алынған Шаймардан Торайғыровтың «Сұлтанмахмұт» очеркі (қолжазба), Бейсембай Кенжебаевтың Шаймардан Торайғыровтың «Сұлтанмахмұт» өмірбаяндық очеркіне жазған рецензиясы (архив) қолданылды. Аталған ғылыми еңбектердегі құнды деректер мақала жазу барысында басшылыққа алынды.

Мақалада Шаймардан Торайғыровтың тұңғыш сұлтанмахмұттанушы ретінде жан жақты ашу міндеті көзделді.

Кілтті сөздер: Сұлтанмахмұтты алғаш танытушы, ақын, ұлт жанашыры, ағартушы, педагог, журналист, публицист.

Кіріспе

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық өмірбаянын зерттеу, әдеби мұрасын жинақтау XX ғасырдың 30 жылдарында басталды. Ақын жайлы алғашқы деректер Жүсіпбек Аймауытовтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Бейсенбай Кенжебаевтың, Серік Қирабаевтың және т.б. еңбектерінде кездеседі.

Сұлтанмахмұттың алғашқы биографы атанған Жүсіпбек Аймауытовтың қазақтың ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпеевке 1927 жылдың 15 қарашасында жазған хатында:

«Сұлтанмахмұт сөздерін былтыр түгел жинап, үлкен кітап қылып, баспаға бергенмін. Одан «басылады» деген хабар алып отырмын, – деп жазылған.

Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымының докторы, профессор Құлбек Ергөбектің «Сұлтанмахмұт үшін сор кешкен» мақаласында тұңғыш сұлтанмахмұттанушылардың бірі – Бейсенбай Кенжебаевтың ақын мұрасын жинақтап, баспа беттеріне жариялауға ат салысқандығын атап өтеді. Мақалада келтірілген Б.Кенжебаевтың сөзіне тоқталсақ:

«Ұлы ақын есімін мен тұңғыш рет 1922 жылы естідім. Келесі жылы ақынның «Адасқан өмір» деген атпен жарық көрген жинағын оқыдым. Ақын шығармалары маған айрықша әсер етті. Сол күннен бастап Сұлтанмахмұт менің сүйіп оқитын ақыныма айналды» дейді [1].

Ғалым Бейсембай Кенжебаев Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармаларын зерттеп, ақынның екі поэмасын, таңдамалы шығармаларын кітап етіп шығарады. Ақын өмірі мен шығармалары хақында көптеген мақала, «Сұлтанмахмұттың ақындығы» (1949 ж), «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы» (1957 ж.), «Сұлтанмахмұт Торайғырұлын зерттеу, тану мәселесі» (1968 ж.) секілді зерттеу еңбектерін, «Асау жүрек» әңгімелер жинағын шығарады. Сонымен қатар Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы бойынша студенттерге арнаулы курс оқиды [2].

Шаймардан Торайғыров – ағартушы-педагог, ақын, ауыз әдебиетін жинақтаушы. Өкінішке орай, Сұлтанмахмұтты алғаш танытушы ретінде Шаймардан Торайғыров екені сирек айтылады.

Материалдар мен әдістері

Мақаладағы басты әдіс – талдау-жинақтау. Қолға тиген материалды сұрыптау мен жинақтау. Ғылыми қолданыста кеңінен қолданылатын жалпыдан жалқыға, немесе жалқыдан жалқыға қарай жеткізу.

Мақалада Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеген зерттеуші ғалымдардың, атап айтсақ: Б.Кенжебаевтың 1954 жылдың 24 сәуірінде Алматы қаласында «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірбаяны туралы очеркі» атты еңбегіне жазған рецензиясы, Д. Әбілевтің, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Серік Қирабаевтың, Құлбек Ергөбектің еңбектері қамтылды. Сонымен қатар негізгі дерек көзі ретінде Шаймардан Торайғыровтың Сұлтанмахмұт туралы жазылған қолжазба деректері негізге алынды.

Нәтижелер және талқылау

Тарихта адамдар несімен есте қалады, не себепті олар жайлы мәліметтер, деректер аз кездеседі? – деген сұрақтар кімді болсын мазалайтыны сөзсіз.

Асқақ арманы бар Сұлтанмахмұт Торайғыров жайлы көптеген зерттеулер бар. Атап айтсақ, Б. Кенжебаевтың, Ж. Аймауытовтың, М. Ж. Көпеевтің, С.Қирабаевтың т.б. еңбектерінде кездеседі. Жүсіпбек Аймауытов 1926 жылы «Еңбекші қазақта» жазған «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинауға ат салысыңыздар!» атты ашық хатынан ақ оның Сұлтанмахмұттың шығармашылығын зерттеуге зор үлес қосқанын аңғарамыз [5].

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың немере інісі Шаймардан Торайғыров 1898 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келді. Ш.Торайғыров - ағартушы-педагог, ақын, ауыз әдебиетін жинақтаушы. Өкінішке орай, Сұлтанмахмұтты алғаш танытушы ретінде Шаймардан Торайғыров екені сирек айтылады.

Сұлтанмахмұтты Шаймардандай ешкім танымаса керек. Оған бірнеше себеп бар:

Біріншіден - Шаймардан Торайғыров Сұлтанмахмұттың немере інісі. Туыстық қатынасын дәлелдеу үшін Шаймардан Торайғыровтың 1960 жылдың 15 маусымында жазылып, Ұлттық Академияда сақталған қолжазбасынан үзінді келтірсек:

«Сұлтанмахмұттың анасы Зүппен Қарауыл еліндегі Жадайдың қызы. Әнәпияның әйелі Шымпыр Әбубәкір (Сұлтанмахмұттың әкесі) мен Қожахметтің (Шаймардан Торайғыровтың әкесі) апасы, Зүппенді Әбубәкір (Шоқпыт) жиырма жасында алған. Төрт жылдан кейін Зүппен екі қабат болып, 1892 жылы қысқа салым меңіреуде Сұлтанмахмұт туады.

Шоқпыт пен Қожахмет Қарауылдан өз елдеріне – Баянауылдағы Сүйіндікке көшеді. Шоқпыт Торайғыр көлін қыстап отырған Дүржанның қоңсысы болады. Дүржанның Қожахметтен басқа балалары ол кезде үйленбеген еді Сұлтанмахмұт екі-үш үйдің арасында жүгіріп жүрген жалғыз бала болатын. Ол Дүржанды «әке», Дарманды «әже», Жұматайды (менің шешем) «апа», Қожахметті (менің әкем), «қошақай» дейтін.

Торайғыр Шаймардан мен Сұлтанмахмұттың төртінші атасы. Тінші атадан тарқатып көрсек: Торайғыр, одан Әбет, одан Бөкет, Бөкеттен Әбубәкір мен Қожақмет туады, Әбубәкірден - Сұлтанмахмұт, Қожақметтен Шәймерден туады. Анасы қайтыс болған соң Әбубәкірдің ағасы Қожақмет Сұлтанмахмұтты өзінің қамқорлығына алады. Шәймерден Сұлтанмахмұт арасы 5 жас болғанымен, екеуі тай- құлындай тебісіп өскен.

Екіншіден, Сұлтанмахмұт дүниеден өткен соң Шаймардан етек-жеңін жинап, мұрасын жинақтауға кірісті. Өз естелігінде Сұлтанмахмұттың қанша рет жазған өлеңдерін баспаға ұсынғанын және олардың бірінің де жарияланбағанын айтады.

«Бұлардың бірі де басылмады. Басылғаны былай тұрсын Сұлтанмахмұтқа деген Алашорда жылдардың өшпенділігін арттырып, қауіпті күшейтті. 1920 жылы барлық қолжазбаларды жинап бергенде Жүсіпбек: «Сол кездегі газет- журналдарға басылмаған, құнсыз деп есептелген өлеңдердің керегі жоқ, Ондайлар кіріп кетсе, жинақтың бағасын түсіреді» деп шығарып тастаған. Мен бұл кітапқа Сұлтанмахмұттың бір ауыз өлеңі не бір жапырақ хаты болса да түгелдей терілсін, - деген Мұқанов Сәбит пен Исмаил Есмағамбетовтің тапсырмаларын орындау мақсатымен енгіздім» делінген [6].

Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңдерін үнемі баспаға жіберіп отырады, алайда бірде-бір баспа оның өлеңдерін жарыққа шығармайды. Павлодар қаласындағы «Сарыарқа» газеті оның шығармаларын жарияламаған соң , күдер үзіп, көңілі түседі. Тіптен, хат жазысып отырған Семейдегілермен де мүлдем байланысын үзеді. Ауылда өлең жазып, кітап оқумен айналысады.

1919 жылдың күз айына қарай Сұлтанмахмұтты Бидахмет Сәрсенов (Алаш қозғалысының қайраткері) арқылы Семейге шақыртады. Алайда хат сақталмаған. Дегенмен, Шаймардан Торайғыровтың естелігінен келтірсек: «Ол қағаз менде жоқ. Бірақ мазмұны бү күнгідей есімде»

«Сұлтанмахмұт, сенің аман-есен елде жатқаныңды қатынасқан адамдардан ғана естиміз. Хат-қабарың тоқтағалы бір жылдай болды деп мұндағылар айтады. Сен үлкен дәме күткен жастардың бірі едің, бірақ бетінді бұрып алып, өзіңе де, жалпы Алаш игілігіне де пайда келтірмей үйде жатырсың. Бірақ онымен денсаулығыңды түзеген болсаң, ол үлкен олжа болар еді. «Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды деп сені ауа жайылады деп жүрген біз жоқ еді». Солай ойласақ та арасы ұзап барады. Және өткен жылғы газетке деген хат хабарларың жан түршіктерген еді. Енді тәуір болсаң, тәуір болғанда екі жағынан да, Семейге кел! Орның да дайын. Сен түгілі осы күні сенен былайғылар да «алашым, ұлтым» деп жан аямай шауып жүр. Олай болса, дәл осындай ақ түйенің қарны жарылып, таудай тілекті беріп тұрған кезде Алаштың азаматы Алаштың азаматы атқа мінген кезде Алашорда балшықтан кісі жасай алмай жатқан заманда сенің тың тыңдауың, тыңдай

үйде жатқаның, қазақ ұлтының алдында кешілмейтін күнә, өтелмейтін борыш жағар деп білемін. Менің айтарым және басқа ақсақалдардың да сөзі – осы. Тез қабар берерсің. Телеграмма арқылы болса тіпті жақсы. Қош, әзірге! Аман көрісейік! Келеді деп сенеміз. Сонда шын көңіліммен келеді деп сенеміз», деп жазушы Биахмет Сәрсеновтің хат жазған екен [7].

Сұлтанмахмұт Биахметке бірден жауап жазбайды. Біраз уақыт өткен соң ғана былай деп қысқа жауап қайтарады:

Биахметке жолдаған хаттан үзінді.

«Сіздің жазған хатыңызды алдым. Бірақ жауабы кешірек жазылып отыр. Ол үшін сөкпессіз. Кешігуге себеп сол хаттың ішіндегі жұмбақ болды. Менің ұғуымша, үйден Семейге деп шықсам, тәубе татырмаққа келіп шығуым керек болды. Сондықтан мен бара алмайтын болдым. Өзім бармайтын болған соң хат жазуға да асықпадым. Семейге барудан шығатын мен үшін мақсат жоқ. Өйткені пікірім алынбайды, жазғаным басылмайды, олай болса тамақ асырау үшін барамын ба?

Сіздің айтуыңызша, «қызмет істейтін кезең - осы, балшықтан кісі жасай алмай жатырсыздар. Меніңше, қызмет істейтін кезең әлі алда, мезгілі өткен жоқ. Сонымен бірге балшықтан кісі жасамау керек, қайта балшық кісілерді шетке шығару керек. Мен әзірге Алашорданың басшылары үшін жарылған жұмыртқамын. Ол келешекте күні туып өсе ме, жоқ сіздердің ойларыңыз боп өше ме? Әзірге пәлен деудің керегі жоқ шығар. Сонымен бірге Сіздерге менің өкпем жоқ. Ал маған «келмеді, бірлесіп қызмет істемеді» деп Сіздер де өкпелемеңіздер. Өйткені пікір мен тілек қайшы болғаннан кейін сыртқы дененің бірлестігі ешқандай нәтиже бермейді. Құрметпен Сұлтанмахмұт [8].

Шаймардан Торайгыров 1945 жылы ҚазССР Ғылым академиясының тапсыруымен 1920 жылы қайтыс болған немере ағасы Сұлтанмахмұт Торайгыровтың шығармаларын бастырып 18 баспа табақтан тұратын еңбегін академияның тіл және әдебиет институтына тапсырады. Сол жылы ҚазССР Ғылым академиясының төралқасымен баспа шартын жасайды. Ол шартта Шаймардан Торайгыров «Сұлтанмахмұт» деп аталатын ақынның өмірі мен шығармашылық қызметі туралы монографиялық очеркті жазуға міндеттеледі. «Сұлтанмахмұт» жайлы очерк келісім бойынша белгіленген мерзімде аяқталып, 30 баспа парағы көлемінде ҚазССР Ғылым академиясына тапсырылады. 1948 жылы редакциялық алқа мақұлдап, комиссия еңбекті қабылдайды. Алайда 1945 жылы Шаймардан Торайгыров жинақтап, баспаға дайындаған Сұлтанмахмұт Торайгыровтың шығармалары ҚазССР Ғылым академиясының баспасына тек 1950 жылы жарияланады.

Шаймардан Торайғыровтың 1954 жылғы 2 маусым күні КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы) Жоғарғы Сотының Төрағасына жазған хатынан үзінді келтірсек:

«В 1945 году по поручению Академии наук я подготовил к печати все произведения своего покойного брата Султан – Махмуда Турайгирова / умер 1920 г./ в объёме 18 печатных листов и предоставил в институт языка и литературы Академии наук Казахской ССР, о чем имею справку, подтверждающий мой труд.

...1945 году я заключил с президиумом Академии наук КазССР издательский договор, по которому я был обязан написать монографический очерк о жизнедеятельности поэта под названием «Султан - Махмуд» [9].

1954 жылдың 25 сәуір күні ғалым, филология ғылымының докторы профессор Бейсенбай Кенжебаев Шаймардан Торайғыровтың «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі туралы очерк» еңбегіне рецензия жазады. Рецензияда ғалым жазылған еңбектің бірқатар маңыздылығын атап өтеді:

- Бұл материал ақынның өмірбаянын ғылыми тұрғыда зерттеуге және оның революциялық дүниетанымының қалай дамығанын дұрыс анықтау тұрғысында әдебиеттану ғылымы үшін маңызы зор. Себебі бұл көрнекті ақынның өмірбаяндық материалдары бойынша бізде бар ең құнды және тың материал болып табылады;

- бұл жұмыстың авторы ақынның немере інісі Шаймардан Торайғыров ақын өмірбаянын ең жақсы білушілердің бірі және бірегейі, себебі автор ақынмен тікелей қарым қатынаста болған себепті шынайы фактілерді кеңінен келтірген. Сонымен қатар автор ақынның замандастарынан және ауыл қарттарының аузынан көптеген қызықты материалдар жинақтаған, ақынның ата-бабалары туралы көптеген әңгімелер мен аңыздар келтірген. Бұл материалдар ақынның өмірбаяны бойынша дерек көздерін кеңейте отырып, автор очеркіне де енгізілді;

- очерк шамамен 30 баспа парағын құрайды. Кітап екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде ақынның ата-бабаларының өміріндегі ең айтулы оқиғалар баяндалады. Екінші бөлімде Сұлтанмахмұттың өмірі туралы эсселер мен естеліктер берілген.

- ақынның өмірі мен қызметінен алынған очерктер біз үшін өте маңызды, өйткені ақынның ата-бабалары Орта жүз қазақтарының тарихында қарапайым адамдар болған жоқ, ал олардың кейбіреулері өз дәуірінің көрнекті қайраткерлері болды және Орта жүздің қоғамдық өмірінде үлкен рөл атқарды. Ақын ата-бабаларының бірі әйгілі батыр Төлебай Абылай ханның әскери қолбасшыларының бірі болған, оның ұлы Едіге бай Сүйіндік руының әйгілі биі болған.

- очерктегі ақынның ата-бабалары болған Едіге мен Торайғыр жайлы аңыздар мен әңгімелер қызықты әрі құнды болып табылады. Әсіресе Сұлтанмахмұттың төртінші атасы Торайғырдың сот жүргізу ісіндегі әділдігі мен турашылдығы, тапқырлығы мен даналығы туралы қызықты әңгімелер баяндалады. Ақынның әкесі Шоқпыт туралы жазылған мәліметтер құнды әрі тың дерек болып табылады.

- ақынның өмірі мен ата бабаларын жайлы жазған мәліметтерден Сұлтанмахмұт пен оның ата-бабалары зор құрметпен, сүйіспеншілікпен қараған кейбір танымал ақындар мен олардың шығармашылықтар туралы маңызды мәліметтер кездеседі;

- Осыған орай Бұқар, Шөже, Сақау және т.б. ақындардың бірқатар әндері мен афоризмдері келтіріледі. Әсіресе, сы уақытқа дейін бізге белгісіз болған ақын Едіге мен Торайғырдың ата-бабаларының өлеңдері мен афоризмдері ерекше жаңалық болып табылады [10].

Қорытынды

Ақын, ағартушы, Алаш қайраткері жерлесіміз Сұлтанмахмұт Торайғыровтың еңбектерімен таныса отырып, өмірбаянын зерттедік. Алаш партиясының дамуына үлес қосқан ақынымызды жан жақты қарастырдық. Ұлы ақынның есімі ел есінде қалып, шығармалары дәріптелуі керек.

Бейсембай Кенжебаевтың *«ақынның немере інісі Шаймардан Торайғыров ақын өмірбаянын ең жақсы білушілердің бірі және бірегейі, себебі автор ақынмен тікелей қарым қатынаста болған себепті шынайы фактілерді кеңінен келтірген»* деуінің өзі Шаймардан Торайғыров Сұлтанмахмұт Торайғыровты ең алғашқы зерттеушілерді бірі деуге негіз бар. Жоғарыда келтірілген деректерді негізге алатын болсақ, Сұлтанмахмұт Торайғыров жайлы еңбектерде кездесетін өмірбаяндық деректің барлығы Шаймардан Торайғыровтың «Сұлтанмахмұт» очеркіне негізделгенмен, авторлар оған сілтеме бере бермейді.

Сұлтанмахмұт Торайғыровты алғаш зерттеген ақынның немере інісі Шаймардан Торайғыров жайлы бұрындары арнайы ғылыми айналымдарға түспеген жазбаларын Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінің мұрағат қорындағы материалдарға зерттеулер жүргізе отырып ғылыми зерттеулерді жүйеленіп мақала жарияланды. Шаймардан Торайғыровтың көпшілікке беймәлім тұстары мұрағаттық мәтіндер арқылы айқындалды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Ергөбек, К.** Сұлтанмахмұт үшін сор кешкен // Egemen Qazaqstan газеті – 2018. 3 қыркүйек. – Б. 8.

2 **Кенжебаев, Б., Торайғыров Ш.** Сұлтанмахмұт очеркіне жазған рецензиясы. Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінің қор бөлімі. 25.08.2024 ж.

3 **Төлепбай, М.** Сұлтанмахмұттың алғашқы биографы // AIQYN. – 2023. – 20 сәуір. – Б. 6.

4 **Торайғыров, Ш.** Сұлтанмахмұт очеркі. Қолжазба. Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінің қор бөлімі. 20.08.2024 ж.

5 **Еспенбетов, А. С.** Сұлтанмахмұт – дәуір суреткері // Қазақ әдебиеті газеті. – 2018. 13 шілде. – Б. 9.

6 **Еспенбетов, А. С.** Сұлтанмахмұт Торайғыров. [жауап. ред. 3. Қабдолов] – Алматы : Ғылым, 1992. – 198-б.

7 **Мухамбетова, Г. С.** Романтические тенденции в казахской поэзии первой четверти XX века : автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук: 10.01.02 / Г. С. Мухамбетова. – Алматы, 2006. – 30 с.

8 **Жакупов, С. С.** Сұлтанмахмұттың хаты. // Ақ желкен. – 2024. – № 12. – Б. 52–53.

9 **Бектұрбекова, Ф. Қ.** Дәуір ақыны. : (Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровка арналады) / Құраст. : Ф. Қ. Бектұрбекова. – Алматы : [б. и.], 2002. – 264-б.

10 **Алдабергенов, Қ. М., Арын, Е. М., Баткеева, Б. Т.** Бір туар дара тұлғалар. – Павлодар : «ЭКО» баспасы, 2003. – 364-б.

References

1 **Ergobek, K.** Syltanmaxmyt ushyn sor keshken [Sultanmakhmut's position was difficult] // Egemen Qazaqstan [Text]. – 2018. – 3 qyrkuyek. – P. 8.

2 **Kenzhebaev, B., Toraygyrov, Sh.** Syltanmaxmyt ocherkyne zhazgan recenziyasy [Review of Sultanmakhmut's essay] [Text] Buqar zhyrau atyndagy oblystyq adebiet zhane oner muzeynyn qor bolymy. 25.08.2024 zh.

3 **Tolepбай, M.** Syltanmaxmyttyn algashqy byografy [The first biographer of Sultanmakhmut] // AIQYN [Text] – 2023. – 20 cauyr. - P. 6.

4 **Toraygyrov, Sh.** Syltanmaxmyt ocherky. Qolz hazba. [An essay by Sultanmakhmut. The manuscript] [Text] Buqar zhyrau atyndagy oblystyq adebiet zhane oner muzeynyn qor bolymy. 20.08.2024 zh.

5 **Espenbetov, A. S.** Syltanmaxmyt – dauyr suretkery [Sultanmakhmut - an artist of the era] // Qazaq adebiet. 2018. – P. 9.

6 **Espenbetov, A. S.** Syltanmaxmyt Toraygyrov [Sultanmakhmut Toraygyrov] [Text] [zhauap. red. Z. Qabdolov] – Almaty : Gylym, 1992. – 198 p.

7 **Muxambetova, G. S.** Romanticheskie tendencii v kazaxskoi poezii pervoj chetverti XX veka [Romantic trends in Kazakh poetry of the first quarter of the twentieth century] [Text] : avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskix nauk 10.01.02 / G. S. Muxambetova. – Almaty, 2006. – 30 p.

8 **Zhakupova, S. S.** Syltanmaxmyttyn haty [Sultanmakhmud's Letter] // Aq zhelken. – 2024. – № 12. – P. 52–53.

9 **Bekturbekova, F. Q.** Dauyr aqyny. [Poet of the era] : Uly aqyn Syltanmaxmyt Toraigyrovqa arnalady. – Almaty, 2002. – 255 p.

10 **Aldabergenov, K. M., Aryn, E. M., Batkeeva, B. T.** Byr tuar dara tulgalar [Individual persons] – Pavlodar : «ЕКО» baspasy, 2003.

11.12.24 ж. баспаға түсті.

10.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*С. С. Жакупова¹, С. М. Дүйсенгазы², Э. Капаган³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана.

³Болу Абант Иззет Байсал университет, Турецкая Республика, г. Болу.

Поступило в редакцию 11.12.24.

Поступило с исправлениями 10.01.25.

Принято в печать 26.05.25.

ШАЙМАРДАН ТОРАЙГЫРОВ – ПЕРВЫЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬ СУЛТАНМАХМУТА

В данной статье описывается очерк Шаймардана Торайгырова «Султанмахмуд». В статье проанализированы труды ученых-литературоведов, изучивших литературное наследие Султанмахмуда Торайгырова.

В научной статье рассмотрен очерк Шаймардана Торайгырова «Султанмахмуд». В статье проанализированы труды ученых-литературоведов, связанные с султанмахмудоведением. Авторы дают обзор истории казахской литературы и делают акцент на их научное обоснование. Охватывает важные вопросы исследований Султанмахмута с 1930-х годов XX века. Научная статья включает письмо Жусупбека Аймауытова казахскому поэту Маишхур Жусупу Копееву, написанное автором

15 ноября 1927 года, статью Кульбека Ергобека «Сұлтанмахмұт үшін сор кешкен», статьи ученого Бейсембая Кенжебаева «Сұлтанмахмұттың ақындығы», опубликованную в 1949 году, «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы», написанную в 1957 году, «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы», написанную в 1968 году. А также эссе Шаймардана Торайғырова «Сұлтанмахмұт» (рукопись) из фондового отдела Павлодарского областного музея литературы и искусства им. Бухар жырау.

Ключевые слова: первый исследователь Султанмахмута, поэт, националист, просветитель, педагог, журналист, публицист.

*S. S. Zhakupova¹, S. M. Duysengazy², E. Kapagan³

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian

National University,

Republic of Kazakhstan, Astana;

³Bolu Abant Izzet Baysal University,

Republic of Turkia, Bolu.

Received 11.12.24.

Received in revised form 10.01.25.

Accepted for publication 26.05.25.

SHAIMARDAN TORAIGYROV – THE FIRST SULTANMAKHMOTOLOGIST

This scientific article examines the essay by Shaimardan Toraighyrov «Sultanmakhmut». The article studies and analyzes the works of literary scholars related to sultanmakhmutoLOGY. The authors give an overview of the history of Kazakh literature and focus on their scientific justification. It covers important issues of Sultanmakhmut's research since the 1930s of the twentieth century. The scientific article includes a letter from Zhusupbek Aimautov to the Kazakh poet Mashkhur Zhusup Kopeev on November 15, 1927, an article by Kulbek Ergobek «Sorrow for Sultanmakhmut», an article by scientist Beisembai Kenzhebayev «The poetry of Sultanmakhmut», published in 1949, «Sultanmakhmut Toraigyryuli», written in 1957, «Sultanmakhmut Toraigyryuli», written in 1968. As well as an essay by Shaimard Toraighyrov «Sultanmakhmut» (manuscript) from the stock department of the Pavlodar Regional Museum of Literature and Art named after Bukhar zhyrau.

Keywords: the first researcher of Sultanmakhmut, poet, nationalist, educator, teacher, journalist, publicist.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz